ӘБ отырысында қаралды.
ӘБ жетекшісі:_____
Д.О.Алипова
Хаттама №1
«26» тамыз 2025 ж.

Келісемін:
ДОІЖО:_____
Г.Ж.Каракулова
«26» тамыз 2025 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:_____
Б. С. Длимбетова
«26» тамыз 2025 ж.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Мұғалімі: С.Т.Бейсебаева

Пәні: Бейнелеу өнері

Сынып: 1 «А»

Сағат саны: 33

Шымкент қаласы

2025 - 2026 оқу жылы

Бейнелеу өнері
Түсінік хат

"Бейнелеу өнері" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген.

"Бейнелеу өнері" пәні оқу және тәрбие процестерінің органикалық бірлігі болып табылады. Онда эстетикалық және көркемдік білім беру дәйекті және жүйелі түрде білімді ұсыну мен көркемдік іс-әрекет дағдыларын үйретуге негізделген.

"Бейнелеу өнері" пәнін оқытудың міндеттері:

- Қазақстан халқының өнері мен мәдениеті және салт-дәстүрлеріне, әлемнің мәдени алуан түрлілігіне құрмет көрсету;
- рухани келісім мен толеранттылық идеяларын ұстану;
- қоршаған ортаны және экологиялық тепе-теңдікті сақтау;
- шығармашылық және сыни ойлау;
- коммуникативтілік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді пайдалана білу;
- өмір бойы оқуға және өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру;
- бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыра отырып, әсемдікке баулу;
- шығармашылық жұмыстарда қоршаған әлемге деген көзқарасын білдіру қабілетін дамыту;
- сурет, кескіндеме, композиция, мүсін бойынша бейнелеу сауаттылығы негіздерімен танысу;
- бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, дизайн, сәулет) және бейнелеу өнерінің жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт, анималистік жанры және т. б.) танысу;
- қоршаған заттардың пішінін, көлемін және құрылымын көру және түсіну қабілетін қалыптастыру;
- кеңістіктік қабылдауды қалыптастыру;
- графикалық және түстану дағдыларын дамыту;
- мотормканы, логикалық ойлауды, өздігінен ойлауды және идеяларды іске асыруды дамыту.
- әр түрлі материалдармен жұмыс істеудің көркемдік дағдыларын және әр түрлі бейнелеу техникасын меңгеру;
- шынайы өмірде көркем мәдениеттің көрінісін көру қабілетін дамыту (көрмелер, мұражайлар, сәулет, дизайн, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер және т. б.)
- балалардың сезімталдық, көңіл-күйін білдіруін, зейінін, есте сақтау, қиял, елестету қабілеттерін дамыту;
- өзіндік, мақсаттылық, ұқыптылық, еңбекқорлық сияқты жеке қасиеттерді қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау.

"Бейнелеу өнері" пәнін оқыту нәтижелерін бағалау қалыптастырушы бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оқу ақпаратының бөлімін зерделеуі аяқталғаннан кейін оқытудың белгілі бір кезеңінде қалыптастырушы бағалау жүргізіледі, білім алушыларға кері байланыс беруден шығатын критериалды бағалаудың "сынақтан өтті" және "сынақтан өтпеді" қағидатын негізге алу қажет.

Оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағат.

Бейнелеу өнері пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Апталық жүктеме 1 сағат, жылдық жүктемесі 33 сағат.

1-4- сыныптарға арналған «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық. *Астана. Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023*

№ р/с	Бөлімшелер	Сабақтың тақырыптары және мазмұны	Оқыту мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
I тоқсан 8 сағат *Ортақ тақырыптар: Өзім туралы. Менің мектебім* **Бөлім: «Бейнелеу сауаттылығы» блогы**						
1	Өнер туындыларын қабылдау 1 сағат	**«Мұражайға саяхат»** *(виртуалды немесе нақты)* «Бейнелеу өнері» ұғымымен және оны зерттеудің маңыздылығымен танысу.	1.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің түрлі өнер туындыларын эмоционалды қабылдау	1	08.09	
2	Графика 2 сағат	**«Ағаштар»** (сызықтық сурет) Сызықтардың әртүрлілігі және олардың сипаты. Көлденең, тік, көлбеу, шиыршықты, иілген сызықтар. Суретте әртүрлі -сызықтарды қолдану	1.1.2.1 базалық деңгейде техникалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану	1	15.09	
3		**«Күзгі пейзаж»** *(сызықтық сурет)* Сызықтардың әртүрлілігі және олардың сипаты. Көлденең, тік, көлбеу, шиыршықты, иілген сызықтар. Суретте әртүрлі -сызықтарды қолдану	1.1.2.2 базалық деңгейде графика техникалары мен тәсілдерін қолдану	1	22.09	
4	Кескіндеме 2 сағат	**«Кемпірқосақ» (гуашьпен сурет салу)** «Кескіндеме» ұғымымен танысу. Спектрдің жеті түсі және олардың кемпірқосақта орналасу тәртібі туралы білім алу. «Дақ», «жағынды» ұғымдарымен және оларды орындау тәсілдерімен танысу	1.1.3.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану	1	29.09	
5	Мүсін 1 сағат	**«Жеміс-жидектер»** *(ермексаздан мүсіндеу)* «Пішін» және «көлем» ұғымдарын зерттеу. Үлгілеу ережелері мен әдістері туралы білім алу	1.1.4.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолдану	1	06.10.	

6	Сәндік-қолданбалы өнер 1 сағат	**«Жолақтағы ою-өрнек»** *(гуашьпен безендірілген сурет)* Ұлттық сәндік өнермен танысу. «Ырғақ» және «симметрия» ұғымдары туралы білім алу. Жолақта қарапайым ою-өрнек салу әдістері туралы білім алу. Қылқаламмен ою-өрнек салу тәсілдері	1.1.5.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын қолдану	1	13.10	
7	Графика 1 сағат	**«Күзгі пейзаж»** (сызықтық сурет) Сызықтардың әртүрлілігі және олардың сипаты. Көлденең, тік, көлбеу, шиыршықты, иілген сызық-тар. Суретте әртүрлі -сызықтарды қолдану	1.1.2.1 базалық деңгейде техникалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану	1	20.10	
	II тоқсан 8 сағат *Ортақ тақырыптар: «Менің отбасым және достарым» , «Бізді қоршаған әлем»* **Бөлім: «Бейнелеу өнері әлемі» блогы**					
9	Өнер туындыларын қабылдау. 1 сағат	**«Өнер түрлері»** *(саяхат сабағы)* «Өнер түрлері» ұғымымен танысу. Өнер түрлері туралы қарапайым деңгейде білім алу	1.2.1.1 өнер туындыларының тақырыбын және жұмысты орындау материалдарымен танысу	1	03.10	
10	Графика 1 сағат	**«Ваза немесе құмыра»** *(түрлі түсті қарындашпен сурет салу)* «Сурет композициясы» ұғымымен танысу. Тақырыптың дизайны туралы қарапайым деңгейде білім алу.Геометриялық фигуралардың көмегімен сурет салу тәсілдері.	1.2.2.1 Графика түрлері мен жұмыстың орындалу техникасын білу	1	10.11	
11	Кескіндеме 1 сағат	**«Күн және түн»** *(суланған қағазға акварельмен сурет салу)* Кескіндеме түрлерімен танысу. Қарапайым деңгейде «сызықтық перспектива» ұғымымен танысу. «Жақын-алыс», «көп-аз» ұғымдары. Суланған қағазға сурет салу әдістері туралы білім алу	1.2.3.1 Кескіндеме түрлері мен жұмыстың орындалу техникасын білу	1	17.11	
12	Мүсін 1 сағат	**«Ертегі кейіпкерінің үйі»** (сурет-жоба) Қарапайым деңгейде сәулеттік стильдермен танысу. Сәулеттік композицияның қарапайым әдістері туралы білім алу.	1.2.6.2 жұмысты орындау үшін сәулет стиль-дерімен және кейбір құрылымдау және модельдеудің қарапайым техникасымен танысу	1	24.11	

13	Сәндік-қолданбалы өнер 1 сағат	**«Қошқар мүйіз»** (жұқа фетрден түрлі түсті ою-өрнекті жасау) Ұлттық ою-өрнектермен танысу. «Табиғи формалар» ұғымымен және олардың ою-өрнекке айналу жолдарымен танысу. Киізден ою-өрнек кесу әдістері туралы білім алу.	1.2.5.2 «Табиғи пішіндер» ұғымын және жұмысты орындаудың кейбір қарапайым әдістерін білу	1	01.12	
15	Кескіндеме 1 сағат	**«Бұлтты күн»** (суланған қағазға акварельмен сурет салу) Кескіндеме түрлерімен танысу. Қарапайым деңгейде «сызықтық перспектива» ұғымымен танысу.	1.2.3.1 Кескіндеме түрлері мен жұмыстың орындалу техникасын білу	1	08.12	
16	Мүсін 1 сағат	**«Аққала»** Мүсін түрлерімен танысу.Жапсырмалау және құрастыру әдісі туралы білім алу	1.2.4.1. жұмысты орындау үшін мүсін түрлері мен техникасын үйрену	1	15.12	
III тоқсан 9 сағат *Ортақ тақырыптар: «Саяхат» , «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті»* **Бөлім: «Бізді қоршаған әлем»» блогы**						
17	Графика 1 сағат	**«Карнавал бетпердесі»** (дизайн түрлерімен танысу) Дизайн түрлерімен танысу. «Құрылыс» ұғымымен танысу.Қатырғықағаздан жасалған жалпақ бетперде құрастыру әдістері. Симметриялық бөлшектерді кесу әдістері туралы білім алу	1.2.6.1 Жұмысты орындау үшін дизайн түрлерімен және базалық құрылымдау және модельдеу техникасымен танысу	1	12.01	
18	Кескіндеме 1 сағат	**«Тау көрінісі» пейзажы** *(акварельмен сурет салу)* «Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарымен танысу. «Пейзаж композициясы» ұғымымен танысу. Ауа перспективасы туралы білім алу. Түс реңктері және олардың пайда болуы туралы білім алу	1.3.3.2 Қоршаған әлемді бақылау және есте сақтау арқылы бейнелеу тәсілдерінің кейбір ерекшеліктерін білу, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру	1	19.01	
20	Сәндік-қолданбалы Өнер 1 сағат	**«Гүлді ою» (гуашьпен сурет салу)** "Жалпылау" ұғымымен танысу. Қылқаламмен өсімдік оюларын салу әдістері туралы білім алу	1.3.5.2 қоршаған әлемнің бейнелері мен формаларын жеткізу үшін сәндік - қолданбалы өнердің жалпы ұғымдарымен танысу	1	26.01	

	Мүсін 1 сағат	**«Күшік»** *(ермексазбен жұмыс)* «Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарымен танысу. «Жануар фигурасының пропорциялары» ұғымымен танысу. «Жағумен» модельдеуді қабылдау туралы білім алу	1.3.4.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшелік-терін білу, мүсіндеу құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру		02.02	
21	Сәндік-қолданбалы өнер 1 сағат	**«Торсық» (аппликация)** Сәндік өнер түрлерімен танысу. Ұлттық тағам-дармен танысу. Симметрия туралы білім алу. Түсті қағаздан симметриялы пішінді кесу әдістері туралы білім алу.	1.2.5.1 сәндік-қолданбалы өнер түрлері мен жұмыстың кейбір базалық орындалу техникасын білу	1	16.02	
22	Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және үлгілеу) 1 сағат	**«Ашықхат»** (шағын формадағы дизайн әдістерімен танысу) Шағын формадағы композиция туралы білім алу	1.3.6.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшелік-терін білу, дизайн құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру	1	23.02	
23	Графика 1 сағат	**«Менің анам»** (түрлі түсті бояулармен сурет салу) «Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарымен танысу. Қарапайым деңгейде портретті сурет салу жол-дарымен танысу. Қарапайым деңгейде адам бетінің пропорциялары туралы білім алу	1.3.2.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекше-ліктерін білу, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру	1	02.03	
24	Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және үлгілеу) 1 сағат	**«Бақтағы үй»** *(табиғи материалдардан тұрғын үй жобасын жасау)* Өңделген материалдарды модельдеудің қарапайым әдістері туралы білім алу	1.3.6.2 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшелік-терін білу, сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру	1	16.03	

IV тоқсан 8 сағат

Ортақ тақырыптар: «Тағам мен сусын» , «Дені саудың жаны сау»

Бөлім: ««Шығармашылық» бөлімі» блогы

26	Графика 1 сағат	**«Қозы»** *(бормен немесе құрғақ пастельмен сурет салу)* Шығармашылық жұмыста графикалық тәсілдерді қолдану. Суретте әртүрлі сызықтарды қолдану	1.4.2.2 Графикалық жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерімен танысу	1	30.03	
28	Кескіндеме 1 сағат	**«Көктем»** *(гуашьпен сурет салу)* Шығармашылық жұмыста кескіндеме техникасының білімін пайдалану. Суреттегі жағындылар мен дақтарды қолдану. Түс реңктерін пайдалану	1.4.3.1 Кескіндемелік тәсілдер мен техниканың көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру	1	06.04	
29	Мүсін 1 сағат	**«Рельеф»,«Ою-өрнек» бедері** Мүсіндік техникалардың білімін шығармашылық жұмыста қолдану. Бедері үшін картон негізін қолдану. Валиктермен мүсіндеу техникасын қолдану	1.4.4.1 Мүсіндік әдістер мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.	1	13.04	
30	Сәндік-қолданбалы өнер 1 сағат	**«Киіз үй» коллажы.** Шығармашылық жұмыста сәндік техникалар туралы білімдерін қолдану. Киіз бен жиектемені коллажда қолдану	1.4.5.1 Сәндік әдістер мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру	1	20.04	
31	Кескіндеме 1 сағат	**«Гүлдер»** (акварельмен сурет салу) Шығармашылық жұмыста кескіндеме техникасының білімін пайдалану. Дымқыл зат үсті бойынша техникасын қолдану. Әртүрлі қалыңдықтағы қылқаламдарды пайдалану	1.4.3.2 Кескіндемелік жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерімен танысу	1	27.04	
32	Графика 1 сағат	**«Көбелектер»** (түрлі түсті қарындаштармен сурет салу) Графика түрлерімен танысу. «Сурет композициясы» ұғымымен танысу. Тақырыптың дизайны туралы қарапайым деңгейде білім алу.	1.4.2.1 Графикалық тәсілдер мен техниканың көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру	1	04.05	

		Геометриялық фигуралардың көмегімен сурет салу тәсілдері				
33	Дизайн және сәулет (көркем құрастыру Және үлгілеу) 2 сағат	**«Құс»** *(қатырғықағаздан жасалған ілмекті модель)* Фигураның құрылысы. Шығармашылық жұмыста дизайн мүмкіндіктерін пайдалану. Қанаттар мен аяқтарды бекіту нұсқаларын қолдану	1.4.6.1 Дизайн идеяларын шығармашылық түрде ұсыну, дизайн мен модельдеудің әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, идеялар мен сезімдерін білдіру	1	18.05	
34		**«Менің қалам»** – ұжымдық жұмыс. Пластикалық бөтелкелерден жасалған рамадағы ғимараттарды модельдеу. Ермексаз. Шығармашылық жұмыста модельдеу мүмкіндіктерін пайдалану. Ғимараттардың жеке декорын қолдану.	1.4.6.2 Сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну, дизайн мен модельдеудің әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, идеялар мен сезімдерін білдіру	1	25.05	


Блок **Бөлімше**	**Бейнелеу сауаттылығы** 1.1 Өнер туындыларын қабылдау	
Педагогтің аты-жөні:	Бейсебаева С	
Күні:	08.09.2025	
Сынып: 1А	Қатысушылар саны:	
Сабақтың тақырыбы	«Мұражайға саяхат» (виртуалды немесе нақты)	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.1.1 Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің түрлі туындыларымен танысу	

Сабақтың мақсаты	«Бейнелеу өнері» ұғымымен және оны зерттеудің маңыздылығымен танысу

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі. Бүгін біз « Бейнелеу өнері » деп аталатын жаңа оқу пәнімен танысамыз. Бейнелеу өнері сабағында сендер түрлі пішіндер мен сызықтар, бояулар әлеміне саяхатқа шығасыңдар.Сурет салуды, құрастыруды, аппликация және табиғи, жасанды заттардан көптеген бұйымдар жасауды үйренесіңдер. Ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің туындыларымен танысасыңдар.			Бейнелеу өнері оқулығы
Ортасы	Мұғалім: – Бүгін біз бейнелеу өнерінің алғашқы сабағын өтеміз. Қалай ойлайсыңдар, бейнелеу өнері дегеніміз не? **Бейнелеу өнері дегеніміз** – айналамыздағы өмір көріністерін жазықтықта әрі кеңістікте бейнелеу арқылы суреттейтін өнер түрі. Бейнелеу өнер түрлері:	Оқушылар өз ойларын ортаға салады.		Интербелсенді тақта

	кескіндеме, графика, мүсін, сәулет өнері, сәндік-қолданбалы өнер. Бейнелеу өнері сабағына әртүрлі құрал-жабдықтар қажет.Сурет салуға арналған жәй қарындаштар қатты және жұмсақ болып екі топқа бөлінеді. «Т» «Н» - қатты, «М» «В» - жұмсақ.Сурет салуға ең қолайлы және өшіруге көнгіш қарындаштар «Т,М, ТМ» болып табылады.	Тақтада ілінген бейнелеу өнері		Презентация Бейнелеу өнері

	Сурет салатын қағаздар жұқа, қалың, тегіс, бұдыр болып бірнеше түрге бөлінеді. Қарындашпен сурет салуға қатты және тығыз қағаздар ыңғайлы. Сонымен қатар сурет альбомын пайдалануға болады. Қолданылатын бояу түрлері: субояу(акварель), гуашь, тушь. Бояумен жұмыс істеуде ең басты құралдардың бірі- қылқалам.Жұмыс соңында қылқаламды жуып, құрғатып қою керек. Өшіргіш- қарындашпен сурет салуда қате кеткен сызықтарды түзеу үшін қажетті құрал. Мольберт – сурет салуда пайдаланылатын өте ыңғайлы және қолайлы жабдықтың бірі. **Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Мұражайға саяхат** **»** деп аталады. Мұражайда болғандарың бар ма? **Мұражай** – ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми- танымдық қызмет атқаратын мекеме. Мұражайдың түрлері: тарихи мұражай, көркемөнер мұражайы, техникалық, мемориалдық мұражайлар. Бүгін біз ҚР Ұлттық мұражайына виртуалды саяхат жасаймыз. Бейнеролик көрсету https://www.youtube.com/watch?v=wienjjhp7ic **Ширату тапсырмасы**	сабағына қажетті құрал-жабдықтарды көрсетіп, жұмыс істеу тәсілдерімен таныстырады. Оқушылар мұражайдан алған		сабағына қажет құрал-жабдықтар

	«Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі Бұл әдіс оқушылар өз ойларын дауыстап айтып беру үшін қолданылады. Оқушыларға бейнеролик бойынша сұрақтар қойылады,оқушылар өз ойларын көршілерімен	әсерлерімен бөліседі.	Отшашу арқылы бір-бірінің жауаптарын бағалау	

	бөліседі. -Қазақтың дәстүрлі мәдениеті залында қандай заттармен таныс болдың? -Қазақ халқының ұлттық киімдері, зергерлік бұйымдары жайлы не білдің? -Этнография залында не көрдің? Киіз үй неден тұрады? -ҚР Мемлекеттік рәміздеріне арналған залдан не көрдің? Мемлекеттік рәміздер жайлы не білдің?	Оқушылар өз ойларын көршілерімен бөлісіп, дауыстап айтып береді. Берілген сұрақтарға толық, нақты жауап береді.		Бейнеролик https://www.youtube.com/watch?v=wienjjhp7ic
Соңы	Қорыта айтқанда, мұражай бұрынғы мен қазіргі мәдениетті сақтап, насихаттайтын киелі орын. «Өткеніңді білмейінше, болашағыңды болжай алмайсың дегендей, мұражай өткен мен болашақты жалғастырушы түйін болып табылады. «Ашық микрофон» әдісімен сабақты қорытындылау.			

Блок **Бөлімше**	**Бейнелеу сауаттылығы** 4. Мүсін			
Педагогтің аты-жөні:	Бейсебаева С			
Күні:	22.09.2025.			
Сынып: 1 А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Күзгі пейзаж			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.4.1 Қарапайым әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, мүсіндік материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау			
Сабақтың мақсаты	«Пішін» және «көлем» ұғымдарын зерттеу. Модельдеу ережелері мен әдістері туралы білім алу.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Басы	Сабақты «Жемістер, көгөністер» ойынымен бастаймыз. Ағашта өсетін жемістерді атағанда қолдарын жоғары көтеріп, жерде өсетін көгөністерді атағанда қолдарын төмен түсіріп шапалақтайды. Алма, шие, қияр, алмұрт, қызанақ, өрік, қызылша, қарбыз, қауын, банан, орамжапырақ.			Интербелсен ді тақта
Ортасы	Біздің айналамызда әртүрлі заттар бар. Олардың пішіндері сан алуан. **Пішін-** заттың сыртқы көрінісі,			Презентация


Блок **Бөлімше**	**Бейнелеу сауаттылығы** 5. Сәндік-қолданбалы өнер	
Педагогтің аты-жөні:	Бейсебаева С	
Күні:	13.10.2025	
Сынып: 1 А	Қатысушылар саны:	
Сабақтың тақырыбы	«Жолақтағы ою-өрнек»-гуашпен безендірілген сурет.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.5.1 Қарапайым әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, сәндік-қолданбалы іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.	

Сабақтың мақсаты	Ұлттық сәндік өнермен танысу. «ырғақ» және «симметрия» ұғымдары туралы білім алу. Жолақта қарапайым ою-өрнек салу әдістері туралы білім алу. Қылқаламмен ою салу тәсілдері.
Сабақт ың барысы	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	**Психологиялық ахуал қалыптастыру:** Мейірімді жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен. Амандасып алайық, Бір жадырап қалайық.	Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап, айтады.		

Ортасы	**Ұлттық сәндік өнермен таныстыру.** Ою-өрнек – бұйымның бетіне түсірілетін нақыш. Өрнек нақыштары қайталанып, алмасып отырады.Өрнек нақыштары бір сызықтың бойында бірінен соң бірі тұрса, онда ол жолақты өрнек болады.Өрнектер әртүрлі пішіндерден тұрады.Олар дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, сопақша. Өсімдік тәрізді өрнектер де бар.Олар гүл, ағаш өрнектері.Жануарлар сипатымен байланысты өрнектер «қошқармүйіз», «түйетабан», «арқармүйіз».Аспан әлемін бейнелейтін өрнектер «ай», «жұлдыз» **Сергіту сәті: Мен қазақпын** **Практикалық кезең.** **Бірінші жаттығу:** қылқаламды бояуға батырып алып, түрлі түсті бояумен «ирек» өрнегін сызып шығамыз. Алғашқыда қарындашпен жіңішке сызық арқылы жолақша сызып алу қажет. Қылқаламды бояу жеткенше қағаз бетінен алмай, жеңіл, асықпай сызып	Ою-өрнек түрлерімен танысады, неге ұқсайтынын айтады. Сергіту сәтін жасайды.		Интербелсенді тақта Презентация Ою-өрнек түрлері  Қошқармүйіз  Арқармүйіз

		Қылқаламмен		

	шығамыз. **Екінші жаттығу:** «Ирек» өрнегін геометриялық өрнекке айналдырып сызамыз. Жіңішке сызықтар арқылы жолақшаны дайындап алып, «ирек» өрнегін түзу сызықтармен қылқаламды жоғары-төмен жүргізіп отырып орындаймыз.	жолақты ою-өрнек салуды үйренеді.		 Ағаш
Соңы	Оқушылардан бүгінгі сабақта не үйренгендерін сұрау.		Жұмыс жасау барысында қиналған оқушыларға көмек көрсету, қолдау.	


Блок **Бөлімше**	**Бейнелеу сауаттылығы** 5. Сәндік-қолданбалы өнер	
Педагогтің аты-жөні:	Бейсебаева С	
Күні:	13.10.2025	
Сынып: 1 А	Қатысушылар саны:	

Сабақтың тақырыбы	«Жолақтағы ою-өрнек»-гуашпен безендірілген сурет.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.5.1 Қарапайым әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, сәндік-қолданбалы іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.
Сабақтың мақсаты	Ұлттық сәндік өнермен танысу. «ырғақ» және «симметрия» ұғымдары туралы білім алу. Жолақта қарапайым ою-өрнек салу әдістері туралы білім алу. Қылқаламмен ою салу тәсілдері.
Сабақтың барысы	

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	**Психологиялық ахуал қалыптастыру:** Мейірімді жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен. Амандасып алайық, Бір жадырап қалайық.	Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап, айтады.		

Ортасы	**Ұлттық сәндік өнермен таныстыру.** Ою-өрнек – бұйымның бетіне түсірілетін нақыш. Өрнек нақыштары қайталанып, алмасып отырады.Өрнек нақыштары бір сызықтың бойында бірінен соң бірі тұрса, онда ол жолақты өрнек болады.Өрнектер әртүрлі пішіндерден тұрады.Олар дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, сопақша. Өсімдік тәрізді өрнектер де бар.Олар гүл, ағаш өрнектері.Жануарлар сипатымен байланысты өрнектер «қошқармүйіз», «түйетабан», «арқармүйіз».Аспан әлемін бейнелейтін өрнектер «ай», «жұлдыз» **Сергіту сәті: Мен қазақпын** **Практикалық кезең.** **Бірінші жаттығу:** қылқаламды бояуға батырып алып, түрлі түсті бояумен «ирек» өрнегін сызып шығамыз. Алғашқыда қарындашпен жіңішке сызық арқылы жолақша сызып алу қажет. Қылқаламды бояу жеткенше қағаз бетінен алмай, жеңіл, асықпай сызып	Ою-өрнек түрлерімен танысады, неге ұқсайтынын айтады. Сергіту сәтін жасайды.		Интербелсенді тақта Презентация Ою-өрнек түрлері  Қошқармүйіз  Арқармүйіз

		Қылқаламмен		

	шығамыз. **Екінші жаттығу:** «Ирек» өрнегін геометриялық өрнекке айналдырып сызамыз. Жіңішке сызықтар арқылы жолақшаны дайындап алып, «ирек» өрнегін түзу сызықтармен қылқаламды жоғары-төмен жүргізіп отырып орындаймыз.	жолақты ою-өрнек салуды үйренеді.		 Ағаш
Соңы	Оқушылардан бүгінгі сабақта не үйренгендерін сұрау.		Жұмыс жасау барысында қиналған оқушыларға көмек көрсету, қолдау.	


Блок **Бөлімше**	**Бейнелеу өнері әлемі** **1. 1. Өнер туындыларын қабылдау**	
Педагогтің аты-жөні:	Бейсебаева С	
Күні:	03.11.2025	
Сынып: 1 А	Қатысушылар саны:	Қатыспағанд ар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Өнер түрлері»- саяхат сабағы.	

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.1.1 Өнер туындылары тақырыбымен және жұмыс жасайтын материалдармен танысу.
Сабақтың мақсаты	«Өнер түрлері»ұғымымен танысу. Өнер түрлері туралы қарапайым деңгейде білім алу.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	**Сұхбат жасау** -Өнер дегеніміз не?(Өнер – адамның шығармашылық әрекетінің нәтижесі) -Өнердің қандай түрлерін білесіңдер? (Музыка, би, сөз өнері, театр т.б.) - Өнер біздің өмірімізді қалайша өзгертеді?	Қойылған сұрақтарға жауап беру. Оқушылар өнердің негізгі түрлерімен танысады, түсінігін кеңейтеді. Өнердің көпқырлы екенін, олар көрермендермен түрлі құралдар арқылы тілдесетінін түсінеді:	Әр оқушы жауабынан кейін қол шапалақтап, қошемет жасау.	

Ортақ тақырып: Бөлімше	**Бейнелеу өнері әлемі** **Кескіндеме**			
Педагогтің аты-жөні:	Бейсебаева С			
Күні:	17.11.2025			
Сынып: 1 А	Қатысушылар саны:	Қатыспағанд ар саны:		
Сабақтың тақырыбы	«Күн» және «Түн»- акварельмен сурет салу.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.3.2 Қарапайым кескіндеме техникасы мен әдістерін қолдану және тәжірибе жасау.			
Сабақтың мақсаты	Түрлі түсті бояу туралы білім алу және оны акварельмен суретте қолдану.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Сабақтың басы 5минут	Мұғалім оқушылармен сәлемдесу **(ЖЖ) Жеке жұмыс** Оқушыларға бірнеше суреттерді ұсыну. Алманы қандай түспен қояуға болады? Күнді қандай түспен бояуға болады?	Сәлемдеседі. Тыңдайды. Оқушылар ұсынылған алма, күн және бұлттың суреттерін тиісті түспен бояйды.	Оқушылардың бояған суреттерін таныстыру кезінде ауызша мадақтау «Жарайсың» «Дұрыс	

Сабақтың барысы **10минут**	Бұлтты қандай түспен бояр едің? - Не себепті бұл түсті таңдадың? **(ҰЖ) Талқылайық** Әр заттың түсі белгілі бір себептерге байланысты өзгеріп тұрады. - Ол қандай себептер болуы мүмкін? - Қыста қандай түстер жиі қолданылады? - Жазда қандай түстер жиі қолданылады? - Күндіз қандай түстер қолданылады? - Түнде қандай түстер жиі қолданылады? **(ТЖ)Сурет бойынша жұмыс** - Суретте не бейнеленген? - Қандай түстер қолданылған?	Алманы сары, қызыл, жасыл түстердің бірімен бояуы мүмкін. Күнді сары және қызғылт сары түспен бояйды. Бұлтты көгілдір, ақ, көк, қара көк, қара түспен бояйды. Оқушылар өз таңдауын түсіндіреді. Оқушылар өз нұсқаларын айтады. (ауа райына, жыл мезгілдеріне, күн мен түннің ауысуына тағы басқа)	айтасың» «Керемет сурет» «Өте ұқыпты боялған» «Сенің қолыңнан бәрі келеді» сияқты тіркестерді пайдалану	 Боялмаған алма, күн және бұлт суреттері Слайдта жазылған сұрақтар тізбесі

	- Не себепті осы түстер таңдалған деп ойлайсың? - Суретші түстерді таңдауда неге назар аударды? - Сурет қандай бояумен салынған? **Сергіту сәті** Түстер туралы видеомартиал әуеніне	Оқушылар жылы және суық түстер тақырыбы бойынша білімдерін еске түсіреді.		

10 минут	қимыл – қозғалыс жаттығуын жасауды ұсыну. **«Білгенге маржан»** Тақырыпқа сай ақпарат ұсыну Нидерланды елінің суретшісі Винсент Ван Гог. «Жұлдызды түн» атты суретін 1889 жылы майлы бояумен салған екен.оның суреті қазірге таңда Нью-Йорк қаласындағы «Заманауи өнер	Оқушылар топқа бірігіп, сұрақтарға жауап іздейді. Өз жауаптарын сынып ұжымына жариялайды. Оқушылар топқа ұсынылған сұрақтарға жауап бере отырып, суретте күн мен түн бейнеленгенін, жылы және суық түстер қолданылғанын,	Топ жұмысын таныстырғаннан соң, сыныптастары топ жұмысын «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.	 Акварельмен салынған сурет https://youtu.be/Tgb

3минут	мұражайы» атты мұражайында көрмеге қойылған. **(ЖЖ) Практикалық минут** Оқушылар «Күн» мен «Түн» сурет салуды ұсыну Қауіпсіздік ережесі 1. Мұғалімнің тапсырмасын мұқият тыңдап, тек мұғалімнің рұқсатынан кейін ғана жұмысқа кіріс 2. Жұмыс орныңды дайындап ал 3. Жұмыс барысында қылқаламды не акварель бояуын ұқыпты пайдалан 4. Бояуды аузыңа, көзіңе жақындатпа. 5. Жұмыс аяқталғаннан соң, қылқалам	акварельмен салынғанын анықтайды. Орындарынан тұрып, қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады.		JCxII6ZQ  В.Ван Гогтың суреті

2минут			Көрме тақтасына іліген	

10минут	мен ыдысыңды тазалап, орнына салып қой. **Көрме ұйымдастыру.** Оқушылар салған суреттерін көрме тақтасына ілуді ұсыну **Кері байланыс** Оқушылар сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруды ұсыну.	Қауіпсіздік ережесін еске түсіреді. «Күн» мен «Түн» суретін салады. Оқушылар салған суреттерін көрме тақтасына іледі.	суреттерді оқушылар тамашалап, ұнаған жұмыстарына өз жұлдызшаларын жапсыру арқылы бірін- бірі бағалайды. Оқушылар өзара бірін- бірі бағалайды.	Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд


Сабақтың соңы 5минут		Жұлдызшаларын көрмедегі суреттерге жапсырады.		

Ортақ тақырып: Бөлімше	**Бейнелеу өнері әлемі** **Кескіндеме**
Педагогтің аты-жөні:	Бейсебаева С

Күні:	17.11.2025	
Сынып: 1 А	Қатысушылар саны:	Қатыспағанд ар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Күн» және «Түн»- акварельмен сурет салу.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.1.3.2 Қарапайым кескіндеме техникасы мен әдістерін қолдану және тәжірибе жасау.	
Сабақтың мақсаты	Түрлі түсті бояу туралы білім алу және оны акварельмен суретте қолдану.	

**Сабақт
ың
барысы**

Сабақты ң кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 5минут	Мұғалім оқушылармен сәлемдесу **(ЖЖ) Жеке жұмыс**	Сәлемдеседі. Тыңдайды. Оқушылар ұсынылған алма, күн және бұлттың суреттерін тиісті түспен бояйды.	Оқушылардың бояған суреттерін таныстыру кезінде ауызша мадақтау	

	Оқушыларға бірнеше суреттерді ұсыну. Алманы қандай түспен қояуға болады? Күнді қандай түспен бояуға болады?		«Жарайсың» «Дұрыс	

Сабақтың барысы **10минут**	Бұлтты қандай түспен бояр едің? - Не себепті бұл түсті таңдадың? **(ҰЖ) Талқылайық** Әр заттың түсі белгілі бір себептерге байланысты өзгеріп тұрады. - Ол қандай себептер болуы мүмкін? - Қыста қандай түстер жиі қолданылады? - Жазда қандай түстер жиі қолданылады? - Күндіз қандай түстер қолданылады? - Түнде қандай түстер жиі қолданылады? **(ТЖ)Сурет бойынша жұмыс** - Суретте не бейнеленген? - Қандай түстер қолданылған?	Алманы сары, қызыл, жасыл түстердің бірімен бояуы мүмкін. Күнді сары және қызғылт сары түспен бояйды. Бұлтты көгілдір, ақ, көк, қара көк, қара түспен бояйды. Оқушылар өз таңдауын түсіндіреді. Оқушылар өз нұсқаларын айтады. (ауа райына, жыл мезгілдеріне, күн мен түннің ауысуына тағы басқа)	айтасың» «Керемет сурет» «Өте ұқыпты боялған» «Сенің қолыңнан бәрі келеді» сияқты тіркестерді пайдалану	Боялмаған алма, күн және бұлт суреттері Слайдта жазылған сұрақтар тізбесі

	- Не себепті осы түстер таңдалған деп ойлайсың? - Суретші түстерді таңдауда неге назар аударды? - Сурет қандай бояумен салынған? **Сергіту сәті** Түстер туралы видеомартиал әуеніне	Оқушылар жылы және суық түстер тақырыбы бойынша білімдерін еске түсіреді.		

10 минут	қимыл – қозғалыс жаттығуын жасауды ұсыну. **«Білгенге маржан»** Тақырыпқа сай ақпарат ұсыну Нидерланды елінің суретшісі Винсент Ван Гог. «Жұлдызды түн» атты суретін 1889 жылы майлы бояумен салған екен.оның суреті қазірге таңда Нью-Йорк қаласындағы «Заманауи өнер	Оқушылар топқа бірігіп, сұрақтарға жауап іздейді. Өз жауаптарын сынып ұжымына жариялайды. Оқушылар топқа ұсынылған сұрақтарға жауап бере отырып, суретте күн мен түн бейнеленгенін, жылы және суық түстер қолданылғанын,	Топ жұмысын таныстырғаннан соң, сыныптастары топ жұмысын «Шапалақ» әдісі арқылы бағалайды.	 Акварельмен салынған сурет https://youtu.be/Tgb

3минут	мұражайы» атты мұражайында көрмеге қойылған. **(ЖЖ) Практикалық минут** Оқушылар «Күн» мен «Түн» сурет салуды ұсыну Қауіпсіздік ережесі 6. Мұғалімнің тапсырмасын мұқият тыңдап, тек мұғалімнің рұқсатынан кейін ғана жұмысқа кіріс 7. Жұмыс орныңды дайындап ал 8. Жұмыс барысында қылқаламды не акварель бояуын ұқыпты пайдалан 9. Бояуды аузыңа, көзіңе жақындатпа. 10. Жұмыс аяқталғаннан соң, қылқалам	акварельмен салынғанын анықтайды. Орындарынан тұрып, қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Оқушылар қызықты ақпаратпен танысады.		JCxII6ZQ  В.Ван Гогтың суреті

2минут			Көрме тақтасына іліген	

10минут	мен ыдысыңды тазалап, орнына салып қой. **Көрме ұйымдастыру.** Оқушылар салған суреттерін көрме тақтасына ілуді ұсыну **Кері байланыс** Оқушылар сыныптастарының суреттерін тамашалап, өздерінің «жұлдызшаларын» ұнатқан суретінің үстіне жапсыруды ұсыну.	Қауіпсіздік ережесін еске түсіреді. «Күн» мен «Түн» суретін салады. Оқушылар салған суреттерін көрме тақтасына іледі.	суреттерді оқушылар тамашалап, ұнаған жұмыстарына өз жұлдызшаларын жапсыру арқылы бірін- бірі бағалайды. Оқушылар өзара бірін- бірі бағалайды.	Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд

Сабақтың соңы 5минут		Жұлдызшаларын көрмедегі суреттерге жапсырады.		

Блок **Бөлім** **ше**	**Бейнелеу өнері әлемі** **1.4. Мүсін**	
Педагогтің аты-жөні:	Бейсебаева С	
Күні:	15.12.2025	
Сынып: 1 А	Қатысушылар саны:	Қатыспағ ан дар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Аққала»– ермексаздан мүсіндеу.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.2.4.1 Жұмысты орындау үшін мүсін мен техниканың түрлерін білу.	

Сабақтың мақсаты	Мүсін түрлерімен танысу. Ермексаз жолағын белгілі бір бөліктерге бөлу туралы білім алу. Жапсырмалау және құрастыру тәсілдері туралы білім алу.

Сабақтың барысы


Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Басы	Оқушыға түсіндірме жұмыстарын жүргізу.Мүсіндеу – көлемді бұйымдар жасалатын бейнелеу әрекетінің бір түрі. Мүсіндеу арқылы саусақтардың икемділігі, сондай-ақ баланың сөйлеу, ойлау, логикалық қабілеттері артады. Мүсіндеу материалдарының кейбір ерекшеліктері бар, мысалы, ермексаз кеппейді, онымен жасаған жұмысты кез келген уақытта түзетуге болады.		Мұғалім сабақтың басында оқушыларға жұмысын қалай көрсетуді және оны қалай талдауды түсіндіреді.	
Ортасы	««Ермексазбен жұмыс жасау» **видеоролигін** **көру. Мүсіндеу** **тәсілдері.** Ермексаздан мүсін жасау үшін оның домалақтау, шиыршықтау, жаныштау, созу, тегістеу және т.б. негізгі тәсілдерін үйрену керек. Оларды білсең, қажет пішіндерді жасап, жұмыс істей аласың.	Оқушылар өз жұмыстарын көрсете отырып, жеткізейін деген ойларын айтады, жұмысының нәтижесін	Жасаған жұмыстарды ата-аналарына көрсету.Балалар жұмыстарын талдау, оларды мақтап, мадақтау.	«Ермексазбен жұмыс жасау» https://youtu.be /4FBqK2AvQE U

	Домалақтау. Ермексаздың бір бөлігін екі алақанмен ширатып, дөңгелек пішінге келтіреміз. **Шиыршықтау.** Дөңгелек ермексазды жұмыртқа немесе цилиндр пішінге келтіру. Екі қолды бір-біріне көлбеу ұстап, шиыршықтаса, ермексаз жұмыртқа қалпына келеді. **Жаныштау.** Ермексазды тандыр нан немесе диск пішініне келтіру үшін оны алақанмен	бағалайды, мұғалім мен оқушылард ың сұрақтарын а жауап береді.		

	үстелдің үстінде қатты жаныштау керек. **Шымшу.** Үлкен пішінді бұйымның ұсақ бөлшектерін шығаруда қолданылатын әдіс. **Созу.** Ермексазды қолмен созып, қажет пішінге келтіру. **Тегістеу.** Ермексаздан жасалған бұйымның артық бөлшектерін саусақ немесе кескішпен алып тастау үшін қолданылатын әдіс. **Кесу.** Ермексазды кескішпен бірнеше бөліктерге бөлу. **Тілу.** Бұйымға қайшымен тілік жасау. Бұл әдіспен шөп, кірпінің инесі, құстың қауырсынының кескінін шығаруға болады. **Біріктіру.** Бөлшектерді бір-біріне қатты күш салмай жапсыру. Балаларға бұл тәсілдердің бәрін бірден айтуға болмайды **Шығармашылық жұмыс.** Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру: –ермексазды әртүрлі 3 бөлікке бөлу; -бөліктерді алақан арасына салып домалақтау; — үлкен бөлігі-астына, ортаншы бөлігі ортасына, кіші бөлігі үстіне қою; — -			

	бөліктерді біріктіру, қолын таяқшалардан жасау; Қажет болған жағдайда жеке балаға көмек көрсетіледі. «Аққала» –досына ат қойдыру.			

Соңы	**« Досың кім?» ойыны.** Аққала неше бөліктен тұрады? Мұрнын, көзін неден жасайды? Түстері қандай? Аққаланы неден жасайды?	Ойынға қатысады. Балалар жасаған жұмыстарын көрсетеді. Үш бөліктен тұрады. Сәбізден, көмірден жасайды. Қызғылт сары, қара. Қардан жасайды	Оқушылар мүсіндеген заттары бойынша білгендері мен үйренгендерін қорытындылайды.	

Ортақ тақырып: Бөлімше	**«Бізді қоршаған әлем»**	
Педагогтің аты-жөні:	Бейсебаева С	
Күні:	19.01.2026	
Сынып: 1 А	Қатысушылар саны:	Қатыспағанд ар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Тау көрініс» пейзаж - акварельмен сурет салу.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.3.3.2 Қоршаған әлемде сурет салу әдістерінің кейбір ерекшеліктерін байқау және есте сақтау арқылы, кескіндеме құралдары арқылы бейнелер мен пішіндер арқылы бейнелеу.	

Сабақтың мақсаты	Бақылау арқылы сурет салу және «есте сақтау арқылы сурет салу»ұғымдарымен танысу. Пейзаж композициясы»ұғымымен таныса отырып, акварельмен сурет салу.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басы	Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Көршіңді оң жақтан құшақта, Көршіңді сол жақтан құшақта. Оң жақтағы көршіңе бір жымиып,	Сәлемдеседі Оқушылар іс-әрекетті қайталап жасайды	Ауызша бағалау Жарайсыңдар!	Интербелсенді тақта

	Сол жақтағы көршіңе бір жымиып,			
Ортасы	**Түрткі сұрақтар** -Пейзаж дегеніміз не? -Пейзажда не бейнеленді? **Пейзаж** - француз сөзі, бұл ландшафты, табиғатты бейнелеу. Пейзаж дербес жанр ретінде Қытайда, Жапонияда және басқа шығыс елдерінде, сондай-ақ Еуропада дамыған. **Пейзаж** – табиғат көрінісін бейнелеу деген ұғым. Табиғаттың алуан түрлі болуы бейнелеу өнерінде пейзаждық жанрдың көптеген түрінің қалыптасуына ықпал етті. **Пейзаж түрлері:** Ауыл пейзажы Саябақ пейзажы Қала пейзажы Теңіз	Оқушылар қойылған түрткі сұрақтарға жауап береді. Пейзаж ұғымымен таныса отырып, пейзаж түрлерімен танысады. Олардың басты айырмашылықтары жайлы біледі.		Интербелсенді тақта арқылы пейзаж суреттер көрсету  

	пейзажы Сәулет пейзажы Индустриялық пейзаж **Сергіту сәті**			

	«Көңілді күн» сергіту сәтін ырғақпен билету Практикалық кезең Акварельмен, альбом өшіргіш,, қылқалам	Оқушылар ырғақпен билей отырып, бойларын сергітіп, алады.	Ауызша бағалау Жарайсыңдар !	Интербелсенді тақта.
Соңы	Оқушылардың салған суреттерін тексеру.Әр оқушының салған пейзаждары жайлы сұрау.Бүгінгі сабақты пысықтау.	Әр оқушының жасаған жұмыстарын тексеру.Ой түйіндеу.	Ауызша бағалау Тамаша!	Көрме ұйымдастыру
Кері байланыс	**Кері байланыс: «Қол белгісі»** әдісі бойынша өтеді. Бас бармақ- өзімді қалай сезіндім? Балан үйрек- басқаларға көмегім тиді ме? Ортан терек- бүгінгі көңіл күйім қандай болды? Шылдыр шүмек- бүгінгі сабақ ұнады ма?	Тапсырма бойынша ой қорытып, өз іс-әрекеттерін айтады, сабаққа рефлексия жасайды.		

	Кішкентай бөбек- бүгін не үйрендім?			

Ортақ тақырып: Бөлімше	Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу)	
Педагогтің аты-жөні:	Бейсебаева С	
Күні:	16.03.2026	
Сынып: 1 А	Қатысушылар саны:	Қатыспағанд ар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Бақтағы үй»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.3.6.2 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, оларды бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәулет құралдары арқылы қолдану.	
Сабақтың мақсаты	Табиғи материалдардан тұрғын үй жобасын жасау. Өңделген материалдарды модельдеудің қарапайым әдістері туралы білім алу.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**

Басы	Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі. **«Әсерлерімізбен бөлісейік» жылулық шеңбері** Педагог балаларға 1-2 минут көздерін жұмып,өздерін тағы да табиғат аясында,көк майса шалғында жатып,көк аспан,аппақ бұлттарды көріп,құстардың сайраған әнін,судың сыбдырын естіген кездерін елестетуді	Сәлемдеседі. Тыңдайды.	Ауызша бағалау «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау	Баяу музыка әуені

Блок Бөлім:	Шығармашылық Кескіндеме	
Мұғалімнің аты-жөні	Бейсебаева С	
Күні:06.04.2026		
Сынып:1 А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**«Көктем»** гуашьпен сурет салу	

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.4.3.1 Көркем әдістер мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушы:** Көркем әдістер мен тәсілдердің көмегімен сезімдерін білдіре алады. **Көптеген оқушы:** Бейнежазбаға қатысты суретті анықтайды, оны бейнелеу тәсілдерін, идеяларын шығармалылық түрде ұсынады. **Кейбір оқушы**: Гуашьпен сурет салу барысында кескіндеме техникасын пайдаланады, жағындылармен дақтарды қолдана алады. Салған суретке ауызша сипаттама бере алады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы 5 мин	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Ширату жаттығулары арқылы жүреді. Күлімде күн күлімде Жер жасарып көгерсін Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін Күлімде күн күлімде Күлсін барлық бала шал Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ. Қай жыл мезгілдерінде бізге күн көп күлімдейді? Көктем мезгілінде кім туған күнін тойлайды? Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктері бар? Ендеше, бейнежазбаға назар аударайық. https://youtu.be/gmqh4mO-frs Жаңа сабақ. Мұғалім оқушылардың назарына суреттер ұсынады. 	Ширату жаттығуын орындайды. Бейнежазбаның көргеннен соң, сабақтың мақсатын болжайды. Бейнежазбаға қатысты суретті анықтайды.	Тамаша Мұғалімнің қолдауы	үнтаспа Бейнежазба Интерактивті тақтадағы сурет

Сабақтың ортасы 16 мин 2 мин 17 мин	**«Ретін анықта»** ойыны. (Жұптық ойын) Әр партаға конвертке салынған суреттер таратылады. Берілетін суреттер: Күн, бұлттар, ағаш, құстар, шөптер, көл. Көктем тақырыбына суретті қай ретпен салар едің? Кестеге орналастыр. Әр суретке сай гүшь түсін таңда. **Сергіту сәті** (көзге арналған жаттығулар) Ойында қолданылған суретті пайланана отырып, бірінші қатар көзбен жүгіртіп күннің суретін, екінші қатар ағаштың суретін, үшінші қатар көлдің суретін бастырыңдар. Сурет салу Кестеде таңдаған түстерің арқылы сурет дәптеріне қылқаламның көмегімен дақ түсіреміз. Тапсырма **«Дақтар сөйлейді»** Дақтардың көмегімен көктемнің суретін салу. Қолға арналған жаттығулар. https://youtu.be/32tHNtWiMGg Қатарларыңмен ақылдасып, ең үздік суретті анықтаңдар. Оны сипаттауға дайындалыңдар.	Қима қағаздардың көмегімен сурет салудың ретін анықтайды. Өз идеясын көпшілікке түсіндіреді. Көзге арналған жаттығулар жасайды Дақтар түсіреді	Өте жақсы, жарайсыңдар Қолпаштау	Конверт, қима қағаздар, кесте

		Дақтарды қолданып, көктемнің суретін салады Жаттығулар жасайды. Топта талқылайды, сипаттайды.	Бас бармақ	Сурет дәптер, гуашь бейнежазба
Сабақтың соңы	Рефлексия: «Гүлдер алаңы» әдісі. Алдарында жатқан гүлдерге назар аударыңдар. Егер сабақ қызықты болса жасылды, әлі де	Гүлдерді таңдап, әр қатардың		Жасыл, сары, қызы

5 мин	түсінбеген сұрақтарың болса сарыны, мүлдем түсініксіз болса қызылды таңдап	оқушыларыгүлдер		
	тақтада ілулі тұрған үздік суретерге орналастырыңдар.	үздік суреттерін орналастырад ы.		

Блок Бөлім:	Шығармашылық Кескіндеме	
Мұғалімнің аты-жөні	Бейсебаева С	
Күні:27.04.2026		
Сынып:1 А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**«Гүлдер» акварельмен сурет салу**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.4.3.2 Көркем шығармаларда қолданудың әртүрлі мүмкіндіктерімен танысу	

Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушы:** Көркем шығармаларда қолданудың әртүрлі мүмкіндіктерімен танысу **Көптеген оқушы:** Көркем шығармаларда қолданудың әртүрлі мүмкіндіктерімен пайдаланады, түрлі қалыңдықтағы щеткалармен өрнектейді. **Кейбір оқушы**: Сулы техниканы ұтымды қолданады. Гүлдер туралы ертегі құрастырады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 5 мин	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Ширату жаттығулары арқылы жүреді. Қызыл бояу-қызғалдақ Сары бояу-сарғалдақ Жасыл бояу-жайлауым Іздеп барар армандап Өлең не туралы? Бейнежазбаға назар аударыңдар. https://youtu.be/D1m9DEX2jV4 бейнежазба не туралы? Қалай ойлайсыңдар бүгін ненің суретін саламыз?	Ширату жаттығуын жасайды, түсіне сәйкес гүлдерді көрсетеді. Бейнежазбаны көргеннен соң, сабақтың мақсатын болжайды.	Тамаша	суреттер Бейнежазба

Сабақтың ортасы 16 мин 2 мин 17 мин	**Жаңа сабақ** Мәтін оқу Гүл өміріміздің сәні, табиғаттың көркі. Өзінің жұпар иісін береді. Гүлдің емдік қасиеттері көп. **«Қызыл гүлдер, сары гүлдер»** ойыны Қыздар және ұлдар командасы болып бөлініңдер. Музыка әуеніне билеп, ол тоқтаған кезде қыздар себеттеріне қызыл гүлдерді, ұлдар сары гүлдерді тереді. Музыка әуені естілгенде теруге болмайды. https://avatars.mds.yandex.net/get-vthumb/2237650/750ac2d3479b180c38f942008f95750d/564x318_1 Сулау техникасымен гүлдердің суретін салу. Әртүрлі қалыңдықтағы щеткалармен өрнектеу. **Сергіту сәті** https://youtu.be/sPX27NNVWCY «Гүлдер әлемі» тақырыбына топтық ертегі құрастыру	Мәтінді хормен оқиды. Ойын шарттарын орындайды. Жаттығуды орындайды Гүлдердің суретін салады Сергіту сәтін	Мұғалімнің қолдауы Бас бармақ	Интербелсен ді тақта Себет, гүлдер бейнежазба қылқалам, акварель

		орындайды Ертегі құрастырады		бейнежазба
Сабақтың соңы 5 мин	Рефлексия:  	Алған әсерлерін шартты белгілермен көрсетеді.		Шартты белгілер

Блок:	«Шығармашылық»	
Бөлім:	Мүсін	
Мұғалімнің аты-жөні	Бейсебаева С	
Күні:25.05.2026		
Сынып:1 А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Менің қалам»- ұжымдық жұмыс.Пластикалық бөтелкелерден жасалған рамадағы ғимараттарды модельдеу.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.4.6.2 Сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну, дизайн мен модельдеудің әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, идеялар мен сезімдерін білдіру.	
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар.** Пластикалық бөтелкелерден жасалған рамадағы ғимараттарды модельдейді. **Көптеген оқушылар.** Пластикалық бөтелкелерден жасалған рамадағы ғимараттарды модельдеп, әдіс тәсілдерін қолданады. **Кейбір оқушылар.** Сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну, дизайн мен модельдеудің әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, идеялар мен сезімдерін білдіреді.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақтың басы 5 мин Сабақтың ортасы 16 мин	Психологиялық ахуал қалыптастыру.  1-тапсырма. Пластикалық бөтелкеден құмырадағы гүлді жасау. Жасалу жолдарын түсіндіру. 1. Пластикалық бөтелкені тең ортасынан бөлу. 2. Оны шашақ етіп, қайшымен бөлу. 3. Түрлі-түсті қағаздардан гүлдер жасау 4. Гүлдерді орналастыру	Оқушылар қимыл арқылы сәлемдеседі. Берілген алгоритім арқылы пластик	От шашу	Интерактивті тақта. Интерактивті тақта. Пластик бөтелке, түрлі- түсті қағаздар.қайш ы.

2 мин 17 мин	 Сергіту сәті.	бөтелкеден құмырадағы гүл дизайнін моделдейді. Билеп серігеді. Ой бөлісу.	Смайлик арқылы	

2 мин	Қорытынды. Жасаған жұмыстарындағы кездескен қиыншылықтармен ой бөлісу.  			Интерактивті тақта.
Сабақтың соңы 5 мин	Рефлексия:  	«Жүрек жылуы» әдісі бойынша ой қорытып, сабаққа рефлексия жасайды.		